

**«Маңғыстау облысы әкімдігінің Маңғыстау облысының денсаулық сақтау басқармасының шаруашылық жүргізу құқығындағы
«Облыстық стоматологиялық орталығы» МКК-де сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау бойынша
ТАЛДАМАЛЫҚ АНЫҚТАМА**

Ақтау қаласы

30.06.2023ж

«Облыстық стоматологиялық орталығы» МКК (бұдан әрі – Кәсіпорын) өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерін, өзге де нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ Аппарат туралы Ережені басшылыққа алады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау (бұдан әрі - СЖТІТ) Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына және Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының 2023 жылғы 16 қаңтардағы № 21 «Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» бұйрығы негізінде жүргізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің мерзімі – 2023 жылғы 1 маусымнан 2023 жылғы 30 маусымна дейін.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүргізу жауапты жұмыс тобының құрамы:

Жұмыс тобының басшысы: Директордың орынбасары – Р.Тасбулатова;

Жұмыс тобының хатшысы: Маман инспекторы – Б.Сералиева;

Жұмыс тобының мүшелері: Бас бухгалтер – Г.Құбашева;

Аға үнемдеуші – Р.Тұяқпаева;

Заңгер келісім бойынша – Д.Бейсенов;

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылды:

1. нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау;

2. ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау:

1) персоналды басқару, оның ішінде СЖТ шалдыққан лауазымдарды айқындау;

2) мүдделер қақтығысын реттеу;

3) мемлекеттік қызмет көрсету;

4) рұқсат беру функцияларын іске асыру;

5) бақылау-тексеру функцияларын іске асыру;

6) бюджет және қаржы-қаражатын игеру және бөлу;

- 7) жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу;
- 8) ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану;
- 9) ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтен туындайтын өзге де мәселелерді іске асыру.

Нормативтік құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау

Кәсіпорын өз қызметінде ҚР Конституциясын, "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" ҚР Кодексін, ҚР Кәсіпкерлік кодексін, ҚР Еңбек кодексін, "Мемлекеттік сатып алу туралы" ҚР Заңын, "Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды, фармацевтикалық қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу қағидаларын бекіту туралы" ҚР Үкіметінің қаулысын және Қазақстан Республиканың басқа да нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады.

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес және 2020 жылғы 30 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Төрағасы бекіткен квазимемлекеттік сектор субъектілерінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс институтын ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар негізінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асыру кезінде жәрдемдесу және сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыруда бірыңғай тәсілді қалыптастыру мақсатында кәсіпорында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет туралы және тиісті қызмет құрылды. Кәсіпорында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізіледі, кәсіпорын қызметкерлерін Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасымен таныстыру және оқыту бойынша жұмыс жүргізіледі.

Қызметкерлер мен пациенттерге ақпараттың алдын алу және жеткізу мақсатында Кәсіпорын фойесінде көрнекі ақпараты стенд бар, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыптағы парақшалар орналастырылды, кәсіпорын фойесінде орналасқан бейне-экран бойынша күнделікті бейнероликтер көрсетіледі.

Кәсіпорынның ресми сайтында көрсетілетін мемлекеттік қызметтер туралы ақпарат орналастырылған.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасына мониторинг жүргізіледі. Дәрігерлік және мейіргерлік жиналыстарында көрсетілетін мемлекеттік қызметтер туралы персоналдың назарына ақпарат жеткізіледі, ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптарын түсіндіре отырып, қызметкерлердің жалпы жиналыстары өткізіледі.

Стандарттар мен регламенттердің талаптарын сақтау бойынша жұмыстар жүргізілуде:

- мемлекеттік қызметтердің ақпараттандырылуы және қолжетімділігі;
- Мемлекеттік қызмет көрсетудің уақтылығы.

Көрсетілетін қызметтер туралы халықты хабардар ету мақсатында қолданыстағы редакцияда Мемлекеттік және орыс тілдерінде стандарттар мен

регламенттер орналастырылған стендтер бар. Кәсіпорын фойесінде мемлекеттік қызметтерді алу мүмкіндігі туралы бейнероликтердің тұрақты көрсетілімі бар, бейне-экран орнатылған. Ресми сайт жұмыс істейді <http://stom-mangystau.kz/>. сенім телефоны, call - орталық жұмыс істейді, бас дәрігер, орынбасарлар, бөлімше басшылары жеке қабылдаулар жүргізеді. Барлық келіп түскен өтініштер мүмкіндігінше "осында және қазір" қағидаты бойынша шешіледі.

Кәсіпорынның қызметіне, жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне, сот актілеріне қатысты нормативтік құқықтық актілер зерделенді және талданды.

Жоғарыда көрсетілген нормативтік құқықтық актілерді қолдану кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау

1. Персоналды басқару, оның ішінде СЖТ шалдыққан лауазымдарды айқындау.

. Ақтау қаласы мен облыс тұрғындарына стоматологиялық көмек көрсету бойынша тегін медициналық кепілдік көлемін көрсету және ақылы қызметтерді көрсету.

ШЖҚ «Облыстық стоматология орталығы» білікті мамандармен толықтырылған, стоматологиялық көмектің барлық түрін көрсетеді. Орталықтың сыйымдылығы ауысымына 160 келушіні құрайды.

Құрылымы:

4 бөлімше бар.

1. Бюджеттік терапиялық
2. Ақылы терапиялық бөлім
3. Хирургиялық

4. Ортодонтиялық ортопедия, тіс техниктеріне арналған лабораториясымен. Соның ішінде **БЮДЖЕТТІК ТЕРАПИЯЛЫҚ БӨЛІМДЕ** : 0-18 жастағы балаларға жоспарлы және шұғыл терапиялық тіс емдеу, қызыл ет емдеу, қызыл еттің қабынуы, ауыз қуысының аурулары емеделеді, санацияланып сауықтандырылады.

ХИРУРГИЯЛЫҚ БӨЛІМДЕ: балаларды, жасөспірімдерді, жүкті әйелдерді профилактикалық жоспарлы ауыз қуысын тексеру, бала ауыз қуысының гигиенасы бойынша анаға кеңес беру және оқыту, тіс кариесін және оның асқынуларын емдеу, эндодонтиялық емдеу, ауыз қуысының шырышты қабығының аурулары бойынша емдеу және кеңес беру, сақтандыру компанияларымен келісім-шарт негізінде физиотерапия, емдік көмек тіс жұлу, амбулаториялық ем, балалардың да ересектердің тіл асты өсінділерін қию, бет-жақ сынықтарын тігу, қалыпқа келтіру, операциялар жасау, импланттау, заманауи анестетиктерді қолдану арқылы сүтті және тұрақты тістерді алу, альвеолярлы өсіндіге операциялар, тіс ұшы аймағындағы операциялар,

балалардағы тіл мен ерін френуласын түзету және пластикалық хирургия және т.б. кішігірім операциялар, тіс –альвеолярлық жүйе сүйектерінің сынуы, имплантация, сақтандыру.

ОРТОПЕДИЯЛЫҚ, ОРТОДОНТИЯЛЫҚ ТІС САЛУ ЛАБОРАТОРИЯСЫМЕН ҚОСА төмендегідей жұмыс түрлерін атқарады Тіс салу, тіс сауытын жасау, қаптау, протез түрлері, замануи валпласт, металлокерамика, циркониевый тіс қалыптары, қисық тістерді пластинка арқылы, заманауи брекет арқылы түзету, бет-жақ прикусын қалпына келтіру, жаңа туылған нәрестелерге obturator , пластиналар салу, алмалы-салмалы және алынбайтын протездер, жұмсақ валпласт, бюгельді протездеу, имплант протездеу

ДИАГНОСТИКАЛЫҚ КАБИНЕТ :РЕНТЕГН КАБИНЕТ заманауи аппараттармен тіс түбірлерін , бет-жақ аймақтарын зерттейді.

ФИЗИОТЕРАПИЯЛЫҚ кабинет: емделген тістерге қатысты ауыз қуысындағы қызыл иектің қабынуын қалыпқа келтіреді, УВЧ, УФО, электрофорез аппараттарымен жұмыс жасайды.

Жыл сайын телемедицина қондырғысы арқылы республиканың білікті мамандарымен телекеңестер жүргізіледі.

Өткен 2020, 2021, 2022 жылдарға көрсетілген қызметтер:

Қабылдау	2020ж	2021ж	2022ж
Балаларды қабылдау	94157	114265	109133
Ақылы бөлім қабылдау	9155	17988	23065
Жүкті әйелдер саны	846	1003	2101
Амбулаторлы операция	1538	3023	2531

Қабылдау түрлері

Барлығы	103312	132253	132198
Ауру туралы	91733	104335	102226
Проф.Қаралу	251	6684	9093

Материалдық жабдықтар:

Соңғы 3 жылда жұмыс аймағындағы стоматологиялық жабдықтарды, атап айтқанда стоматологиялық құрылғылармен жаңарту 90 пайызға орындалды.

Барлық стоматологиялық құрылғы түрлері	2020	2021	2022
Интроальдық Рентген аппарат «Heliodent plus» (тез және денталды аппарат)			
Апекс локатор Propex рixi		5	
Қую аппараты			
Ультразвук аппараты			
Құрылғыға арналған		4	

компрессор			
Юджин аквадистиллятор	1		
Рецикулятор		15	
Дентальды 3D аппараты Galileos Comfort Plus			
Лифт		2	
Хирургиялық, ортопедиялық, пломба материалдары	Мемлекеттік сатып алу порталындағы өтінімдер	Мемлекеттік сатып алу порталындағы өтінімдер	Мемлекеттік сатып алу порталындағы өтінімдер

Кадрлық қамтылуы 2020-2021-2022 ж

Атауы	2020	2021	2022
Дәрігер стоматолог (саны)	45	45	52
Орта буын	60	57	48

Санат бойынша:

жыл	Жоғары Дәрігер / орта буын	Бірінші дәрігер / орта буын	Екінші Дәрігер / орта буын
2020	5 / 0	1 / 0	0 / 4
2021	5 / 1	-	0 / 2
2022	8 / 18	2 / 2	0 / 3

Пломбалық-дәрілік заттарды алу және беру ай сайынғы есеп беру жұмыстарымен реттеледі, бұл дәрілік заттарды және құралдарды беру рәсімінің толық ашықтығына әкеледі және сыбайлас жемқорлық сипатындағы тәуекелдері бар адами факторды жояды және оған жол бермеуге тырысамыз.

Қазіргі уақытта дәрігерлер кабинеттерінде бейнебақылау жүйесін толық жұмыс жасауда, бұл жанжалды жағдайлардың алдын алуға және сыбайлас жемқорлық бағытындағы тәуекелдерді азайтуға оң әсер етеді.

Директордың ішкі аудит және сараптама жөніндегі орынбасары көрсетілетін қызметті алушылардың пікірлерін зерделеу үшін тоқсан сайын іріктеп сауалнамалар жүргізеді, оның нәтижелері көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсартуға көмектеседі. Жауаптарда сыбайлас жемқорлық бағытына қатысты мәліметтер жоқ.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кезінде кәсіпорынға Call-орталық арқылы, басшының жеке қабылдауында немесе жоғары тұрған органдардан келіп түскен жеке және заңды тұлғалардың өтініштері, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланымдар пайдаланылады. 2023 жылы кәсіпорын қызметінде және сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыс тобының мемлекеттік қызметтер көрсетуінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау қорытындысы бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері табылған жоқ.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасы мен уақтылығын одан әрі арттыру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағыттағы мәселелер тұрақты бақылауда,

Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібін бұзушылықтарға жол бермеу бойынша шаралар қабылдануда, дәрігерлер кабинеттерінде шағымдар мен ұсыныстарға арналған жәшіктер орналастырылды. Мемлекеттік қызметтер көрсету, сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағыттағы саладағы жұмыстың одан әрі тиімділігі мақсатында ай сайынғы талдаулар, семинарлар, сауалнамалар жалғасатын болады. Сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыс тобының қызметі барысында сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау үшін ақпарат көзі ретінде қызметкерлерге қатысты бұрын қолданылған тәртіптік шаралар, тексерулердің нәтижелері, жеке және заңды тұлғалардың өтініштері, БАҚ-та Жарияланымдар, пациенттер мен кәсіпорын қызметкерлерінің сауалнамасының нәтижелері қаралатын болады.

Мемлекеттік қызмет көрсету мониторингі Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімдерін бұзушылықтар болмағанын, қызметкерлердің мемлекеттік қызмет көрсету кезінде сыбайлас жемқорлық әрекеттері байқалмағанын көрсетті.

Тәуекел: Азаматтық қызметшілерді жұмысқау қабылдау Еңбек кодексіне сәйкес конкурс және тағайындау арқылы жүзеге асырылуы, осы тұста сыбайлас жемқорлық тәуекелі бар, басшылық азаматты жұмысқа қбылдау кезінде конкурсыз тағайындау арқылы жұмысқа қабылдауы мүмкін.

Ұсыныс: Кәсіпорынға қызметкерлерді конкурс жариялау арқылы Enebek.kz электрондық еңбек биржасы арқылы қабылдауды қадағалау қажет; НҚА әзірлеуші мемлекеттік органға заңға азаматтық қызметшіні квалимемлекеттік органға жұмысқа қабылдау бойынша өзгеріс енгізу жөнінде ұсыныс хат жолдау;

2. Мүдделер қақтығысын реттеу.

Мемлекеттік сатып алу бекітілген жоспарға сәйкес <https://goszakup.gov.kz/> веб-портал арқылы жүргізіледі. Талданатын кезеңде өткізілген Мемлекеттік сатып алу бойынша "Мемлекеттік сатып алу туралы" ҚР Заңының 6-бабында белгіленген мемлекеттік сатып алуға қатысуға байланысты шектеулер сақталды. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Тәуекел: Мемлекеттік сатып алу маманы өз таныстарына жағдай жасауы мүмкін;

Ұсыныс: Қатысатын конверттер комиссия мүшелері көзінше ашылады және веб-портал арқылы жүргізіледі.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету.

Осы бағыт бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің мынадай индикаторлары бойынша жүргізілді:

1) Бюджетті қалыптастыру рәсімдері. Бюджетті бекітетін алқалы органның болуы немесе қаржы қаражатын игеру.

2) Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу рәсімдеріне есептілік, мониторинг, ішкі және сыртқы бақылау тетіктерінің болуы.

3) Мемлекеттік сатып алу рәсімдерінің заңнамада белгіленген нормаларға сәйкестігі.

1) Бюджетті қалыптастыру рәсімдері. Бюджетті бекітетін алқалы органның болуы немесе қаржы қаражатын игеру.

Бюджетті қалыптастыру рәсіміне кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелері қатысады. Белгіленген мерзімде құрылымдық бөлімшелер жалпы бюджетті қалыптастыру үшін мемлекеттік сатып алу және экономиканы жоспарлау бөліміне қажеттілік туралы ақпарат береді. Бюджеттік өтінім Облыстың ФСМС-на жіберіледі және мақұлданғаннан кейін кәсіпорынның бюджеттік комиссиясы бекітеді.

2) Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу рәсімдеріне есептілік, мониторинг, ішкі және сыртқы бақылау тетіктерінің болуы.

Кәсіпорында материалдық құралдарға 1С-бухгалтерлік бағдарламамен байланыс енгізілді. Материалдық құралдарға түгендеу жүргізіледі. Жыл сайын қаржылық қызметке аудит жүргізіледі.

3) Мемлекеттік сатып алу рәсімдерінің заңнамада белгіленген нормаларға сәйкестігі.

Тексерілетін кезеңде мемлекеттік сатып алу жоспарына сәйкес мынадай сатып алулар жүргізілді:

2020ж.	2021ж.	2022ж.
Баға ұсыныстарын сұрату әдісімен 18180теңге сомасына сатып алу жүргізілді, жоспарлы сомасы 105340 теңге	Баға ұсыныстарын сұрату әдісімен 245150917,00 теңге сомасына 68 сатып алу жүргізілді, жоспарлы сомасы 245540600 теңге	Баға ұсыныстарын сұрату әдісімен 3645956,8 теңге сомасына 147 сатып алу жүргізілді, жоспарлы сомасы 1406500 теңге
Ашық конкурс әдісімен 1450000 теңге сомасына 1 сатып алу жүргізілді, жоспарлы сомасы 1450000теңге	Ашық конкурс әдісімен 3045000 теңге сомасына 2 сатып алу өткізілді, жоспарлы сомасы 304 5000 теңге	
Бір көзден әдіспен 29492730,99 теңге сомасына 80 сатып алу жүргізілді, жоспарлы сомасы 29630400 теңге	Бір көзден әдіспен 34733045,61 теңге сомасына 204 сатып алу жүргізілді, жоспарлы сома 34960000 теңге	Бір көзден әдіспен 20854450,76 теңге сомасына 44 сатып алу жүргізілді, жоспарлы сома 210500600 теңге

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу барысында тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу рәсімдері зерделенді. Тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу рәсімі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің туындауын болдырмау үшін пациенттерге ақылы қызмет көрсету кезінде науқастардың емдеуші дәрігермен тікелей байланысы мақсатында орталықта медицина қызметкерлерінің барлық

кабинеттерінде бейнебақылау камералары орнатылған, сондай-ақ QR кодтар арқылы, Орталықтың кассасы арқылы төлемдер көзделген.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін туғызбау мақсатында орталықта орталық қызметкерлерімен әңгімелесу және жиналыстар өткізіледі, бұдан басқа аталған кеңестерге тиісті дәріскерлер шақырылады.

Сонымен қатар, орталықтың комплаенс-офицері директордың орынбасары Р.Б.Тасбулатова оқу курстарынан өтті және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша тиісті оқыту қызметтерінен сертификаттары бар. Ол сондай-ақ Маңғыстау өңірінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтері ұйымдастырған барлық өткізілетін кеңестер мен әңгімелердің тұрақты қатысушысы болып табылады.

Тәуекел: Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне мерзімдерінде жауап берілмей қалуы және мерзімін бұзып беруі өтініш иелеріне кедергі келтіруі мүмкін;

Ұсыныс: Мемлекеттік сатып алу процесіндегі қызметкер арасында заңды қатаң сақтау бойынша түсіндіру жұмысын жүргізу;

4.Рұқсат беру функцияларын іске асыру.

Кәсіпорын қызметінде жасырын мемлекеттік қызметтер табылған жоқ.

5.Бақылау-тексеру функцияларын іске асыру.

Кәсіпорын өз қызметінде бақылау функцияларын жүзеге асыру өкілеттігіне ие емес.

6.Бюджет және қаржы-қаражатын игеру және бөлу.

1.Осы бағыт бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің мынадай индикаторлары бойынша жүргізілді:

2.1) Бюджетті қалыптастыру рәсімдері. Бюджетті бекітетін алқалы органның болуы немесе қаржы қаражатын игеру.

3.2) Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу рәсімдеріне есептілік, мониторинг, ішкі және сыртқы бақылау тетіктерінің болуы.

4.3) Мемлекеттік сатып алу рәсімдерінің заңнамада белгіленген нормаларға сәйкестігі.

5.1) Бюджетті қалыптастыру рәсімдері. Бюджетті бекітетін алқалы органның болуы немесе қаржы қаражатын игеру.

6.Бюджетті қалыптастыру рәсіміне кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелері қатысады. Белгіленген мерзімде құрылымдық бөлімшелер жалпы бюджетті қалыптастыру үшін мемлекеттік сатып алу және экономиканы жоспарлау бөліміне қажеттілік туралы ақпарат береді. Бюджеттік өтінім Облыстың ФСМС-на жіберіледі және мақұлданғаннан кейін кәсіпорынның бюджеттік комиссиясы бекітеді.

7.2) Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлу рәсімдеріне есептілік, мониторинг, ішкі және сыртқы бақылау тетіктерінің болуы.

8. Кәсіпорында материалдық құралдарға 1С-бухгалтерлік бағдарламамен байланыс енгізілді. Материалдық құралдарға түгендеу жүргізіледі. Жыл сайын қаржылық қызметке аудит жүргізіледі.

9.3) Мемлекеттік сатып алу рәсімдерінің заңнамада белгіленген нормаларға сәйкестігі.

10. Тексерілетін кезеңде мемлекеттік сатып алу жоспарына сәйкес мынадай сатып алулар жүргізілді:

2020ж.	2021ж.	2022ж.
Баға ұсыныстарын сұрату әдісімен 18180 теңге сомасына сатып алу жүргізілді, жоспарлы сомасы 105340 теңге	Баға ұсыныстарын сұрату әдісімен 245150917,00 теңге сомасына 68 сатып алу жүргізілді, жоспарлы сомасы 245540600 теңге	Баға ұсыныстарын сұрату әдісімен 3645956,8 теңге сомасына 147 сатып алу жүргізілді, жоспарлы сомасы 1406500 теңге
Ашық конкурс әдісімен 1450000 теңге сомасына 1 сатып алу жүргізілді, жоспарлы сомасы 1450000 теңге	Ашық конкурс әдісімен 3045000 теңге сомасына 2 сатып алу өткізілді, жоспарлы сомасы 304 5000 теңге	
Бір көзден әдіспен 29492730,99 теңге сомасына 80 сатып алу жүргізілді, жоспарлы сомасы 29630400 теңге	Бір көзден әдіспен 34733045,61 теңге сомасына 204 сатып алу жүргізілді, жоспарлы сома 34960000 теңге	Бір көзден әдіспен 20854450,76 теңге сомасына 44 сатып алу жүргізілді, жоспарлы сома 210500600 теңге

11. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу барысында тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алу рәсімдері зерделенді. Тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу рәсімі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

12. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің туындауын болдырмау үшін пациенттерге ақылы қызмет көрсету кезінде науқастардың емдеуші дәрігермен тікелей байланысы мақсатында орталықта медицина қызметкерлерінің барлық кабинеттерінде бейнебақылау камералары орнатылған, сондай-ақ QR кодтар арқылы, Орталықтың кассасы арқылы төлемдер көзделген.

13. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін туғызбау мақсатында орталықта орталық қызметкерлерімен әңгімелесу және жиналыстар өткізіледі, бұдан басқа аталған кеңестерге тиісті дәріскерлер шақырылады.

14. Сонымен қатар, орталықтың комплаенс-офицері директордың орынбасары Р.Б.Тасбулатова оқу курстарынан өтті және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша тиісті оқыту қызметтерінен сертификаттары бар. Ол сондай-ақ Маңғыстау өңірінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтері ұйымдастырған барлық өткізілетін кеңестер мен әңгімелердің тұрақты қатысушысы болып табылады.

Тәуекел: Белгілі бір тауарға, жұмыстар мен қызметтер жүргізу үшін, мысалы тендерге ешкімнің қатыспауы мүмкін, сондай жағдайда біркөзден алу қарастырылған;

Ұсыныс: мемлекеттік сатып алуды біркөзден сатып алуды барынша азайту;

7. Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасына мониторинг жүргізіледі. Дәрігерлік және мейіргерлік жиналыстарында көрсетілетін мемлекеттік қызметтер туралы персоналдың назарына ақпарат жеткізіледі, ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптарын түсіндіре отырып, қызметкерлердің жалпы жиналыстары өткізіледі.

Стандарттар мен регламенттердің талаптарын сақтау бойынша жұмыстар жүргізілуде:

- мемлекеттік қызметтердің ақпараттандырылуы және қолжетімділігі;
- Мемлекеттік қызмет көрсетудің уақтылығы.

Көрсетілетін қызметтер туралы халықты хабардар ету мақсатында қолданыстағы редакцияда Мемлекеттік және орыс тілдерінде стандарттар мен регламенттер орналастырылған стендтер бар. Кәсіпорын фойесінде мемлекеттік қызметтерді алу мүмкіндігі туралы бейнероликтердің тұрақты көрсетілімі бар, бейне-экран орнатылған. Ресми сайт жұмыс істейді <http://stom-mangystau.kz/>. сенім телефоны, call - орталық жұмыс істейді, бас дәрігер, орынбасарлар, бөлімше басшылары жеке қабылдаулар жүргізеді. Барлық келіп түскен өтініштер мүмкіндігінше "осында және қазір" қағидаты бойынша шешіледі.

Кәсіпорынның қызметіне, жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне, сот актілеріне қатысты нормативтік құқықтық актілер зерделенді және талданды.

Жоғарыда көрсетілген нормативтік құқықтық актілерді қолдану кезінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

8. Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтен туындайтын өзге де мәселелерді іске асыру

Кәсіпорынның ұйымдастырушылық –басқарушылық қызметі толықтай Кәсіпорын өз қызметінде ҚР Конституциясын, "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" ҚР Кодексі, ҚР Кәсіпкерлік кодексі, ҚР Еңбек кодексі, "Мемлекеттік сатып алу туралы" ҚР Заңын, "Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды, фармацевтикалық қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және өткізу қағидаларын бекіту туралы" ҚР Үкіметінің қаулысын және Қазақстан Республиканың басқа да нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады.

ҚОРЫТЫНДЫ БӨЛІМ:

Ұсыныстар:


Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасау фактілеріне жол бермеу бойынша жүргізілетін жұмыстың тиімділігін арттыру мақсатында, сондай-ақ

сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды күшейту мақсатында:


1) кәсіпорын қызметінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторингті және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды тұрақты негізде жүргізуге міндетті.

Қорыта келгенде Шаруашылық жүргізу құқығындағы «Облыстық стоматологиялық орталығы» мемлекеттік мекемесіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг жүргізу қағидаларына және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес жүргізілді.

Жұмыс тобының басшысы  Р.Тасбулатова

Жұмыс тобының мүшелері:  Г.Кұбашева

 Р.Тұяқпаева

 Қ.Бейсенов

 Б.Сералиева

СЫЗМА

ОРЛЫ

ЫЕ

А

С

А

А

А

А

А

А

А

А

А

А

А

А

А

А

А

А

А

А

А

А

А

А

А

А

А

А